



# Саламатқызы Диляра

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН Ә.ЖАНГЕЛДИН  
АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН  
ҚОРҒАУ БОЙЫНША БАЛА УӘКІЛІ

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**  
**Балалардың құқықтарын қорғау комитеті**

**БАЛАЛАР ӨКІЛІН**  
**САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ**  
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

Берілген ереже Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мекемелерінде «Ұланбасыны» сайлау жұмысын ұйымдастыру мен өткізуге байланысты іс-шараларды реттейді.

**Ұланбасы** мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару құрамына кіретін «Жас Ұлан» ұйымының көшбасшысы, ҚР БҒМ БҚКК балалар өкілдігінің көшбасшысы болып табылады, мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, мектеп әкімшілігімен өзара қарым-қатынастарда олардың мүдделерін білдіреді, өз атынан және оқушылар атынан мектеп қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді, оқушылар мен ұстаздар арасындағы даулы жағдайларды шешуге қатысады, түрлі әлеуметтік жобаларға, іс-шараларға бастамашылық жасайды және ұйымдастырады.

Мектептерде Ұланбасы сайлауы жалпыға ортақ, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

## 2. Сайлау органдары

1. Ұланбасы сайлауын дайындау мен өткізуді ұйымдастыратын сайлау органдары тиісті мектептерде Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін мектептік сайлау комиссиялары болып табылады.

2. Мектептегі сайлау комиссиясының құзыреттілік мерзімі: сайлау өткізілу уақыты.

3. Мектептегі сайлау комиссиясының 5 адамдық құрамын «Жас Ұлан» ұйымының мектептегі комитеті тағайындайды.

4. Мектептегі сайлау комиссиясының мүшелері мектептердің өкілдері және «Жас Ұланның» мүшелерінен құралады.

5. Сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды:

- 1) «Ұланбасы» болуға үміткер;
- 2) «Ұланбасы» болуға үміткердің сенімді адамдары;
- 3) «Ұланбасы» болуға үміткердің жақын туыстары.

## 3. Сайлау бөлімшелері

Дауыс беруді өткізу мен дауыстарды есептеу үшін «Жас Ұлан» мектеп комитеті оқу орындарының әкімшілігімен келісе отырып мектептік сайлау бөлімшелерін дайындайды.

## 4. Сайлау күнін белгілеу, үміткерлерді тағайындау

1. Қазақстанның барлық мектептерінде Ұланбасы сайлауы мектепшілік оқу үрдістен тыс **21-30 қыркүйек** аралығында өткізілуі тиіс.

2. Сайлау күні туралы хабарлама оқушыларға алдын ала ескертілуі қажет.

3. 8-11 сынып оқушылары «Ұланбасы» бола алады.

4. Үміткерді тіркеу келесі құжаттар арқылы өткізіледі:

- 1) мектептік сайлау округі бойынша сайлануға үміткер өтініші;
- 2) үміткердің өмірбаяны;
- 3) ұстаздар, сынып жетекшісінен, достарынан мінездемелер (3-тен кем емес);
5. «Ұланбасы» болуға үміткерлердің саны шектелмеген.

## 5. Сайлау алды үгіт-насихат жұмысы

1. Сайлауалды үгіт-насихат жұмысы жүзеге асырылады:
  - көпшілікке арналған сайлауалды шаралар өткізу арқылы (сайлауалды жиналыстар, көпшілік алдында сайлауалды пікірталастар ұйымдастыру);
  - баспа және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату арқылы жүзеге асырылады.
2. Кандидаттар өздерінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасымен таныстырады.
3. Сайлау күні кез-келген сайлауалды үгіт-насихат жұмысы тоқтатылады.
4. Кандидаттарда өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттардың мүдделерін білдіретін сенімді адамдары (саны шектелмеген) болуына құқылы.
5. Кандидаттар туралы ақпарат, сондай-ақ олар ұсынған бағдарламалық тезистер мен әлеуметтік бастамалар білім беру ұйымының сайтында және олардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, оның ішінде осы мектептің «Жас Ұлан» балалар ұйымының парақшасында орналастырылуға тиіс.

## 6. Дауыс беру тәртібі

1. Дауыс беру үміткердің сайлау алды бағдарламасынан кейін сайлау күні өткізіледі.
2. Әр сайлаушы жеке дауыс береді.
3. Сайлаушылар барлық сынып оқушылары болып табылады.

## 7. Дауыс беру нәтижелерін анықтау

1. Дауыстарды есептеу сайлау комиссиясының мүшелерімен үзіліссіз дауыс беру нәтижелерін анықтағанға дейін жүргізіледі.
2. Әр үміткерге берілген дауыстар жеке саналады.
3. Сайлау жәшігі ашылғаннан кейін сайлау комиссиясы бюллетендер саны бойынша мыналарды анықтайды:
  - 1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны;
  - 2) әр үміткерге берілген дауыс саны;
  - 3) жарамсыз деп танылған бюллетендер саны.
4. Дауыстарды есептеу нәтижесі сайлау комиссиясымен тексеріліп, сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаға тіркеледі.
5. Сайлау қорытындысы мектеп стендінде орналастырылады және мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

6. Ең көп дауыс жинаған үміткер «Ұланбасы» болып саналады.

**8. Аудандық/қалалық, облыстық және республикалық Көшбасшылар кеңесін сайлау**

1. 1-15 қазан аралығында аудандық/қалалық Көшбасшылар кеңестерінің құрамы бекітіледі.

Аудандық/қалалық кеңестердің құрамына балалар өкілдіктерінің осы ауданның/қаланың әрбір білім беру ұйымынан 1 адамнан сайланған көшбасшылары кіреді (қалалық өкілдіктер республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін, қалған елді мекендер үшін – аудандық өкілдіктер құрылады).

Қалыптастырылған құрамнан аудандық/қалалық Кеңестің (Ұланбасы) көшбасшысы лауазымына үміткерлер ұсынылады. Сайлау конкурстық негізде өтеді, оған 3 кезең кіреді:

1. «Өзін-өзі таныстыру» (үміткердің өзін таныстыруы);
2. Үміткер бағдарламасымен таныстыру;
3. Брифинг (үміткерге сұрақтар).

Дауыс беруге аудандық/қалалық кеңестің мүшелері (арасындағы үміткерлерді қоспағанда) қатысады.

Үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған Үміткер аудан/қала балаларының өкілі болады және аудандық/қалалық Ұланбасы лауазымына тағайындалады.

2. 15-25 қазан аралығында облыстық Көшбасшылар кеңесінің құрамы бекітіледі.

Облыстық кеңестердің құрамына осы облыстың әр ауданынан/қаласынан 1 адамнан балалар өкілдіктерінің сайланған көшбасшылары кіреді.

Қалыптастырылған құрамнан облыстық Кеңестің (Ұланбасы) көшбасшысы лауазымына үміткерлер ұсынылады. Сайлау конкурстық негізде өтеді, оған 3 кезең кіреді:

1. «Өзін-өзі таныстыру» (үміткердің өзін таныстыруы);
2. Үміткер бағдарламасымен таныстыру;
3. Брифинг (үміткерге сұрақтар).

Дауыс беруге облыстық кеңестің мүшелері (арасындағы үміткерлерді қоспағанда) қатысады.

Үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған Үміткер облыс балаларының өкілі болады және облыстық Ұланбасы лауазымына тағайындалады.

3. 25-30 қазан аралығында республикалық көшбасшылар кеңесінің құрамы бекітіледі.

Республикалық Кеңестің құрамына әр өңірден 1 адамнан (3 Республикалық маңызы бар қала және 14 облыс) балалар өкілдіктерінің сайланған көшбасшылары кіреді.

Қалыптастырылған құрамнан Республикалық кеңестің (Ұланбасы) көшбасшысы лауазымына үміткерлер ұсынылады. Сайлау конкурстық негізде өтеді, оған 3 кезең кіреді:

1. «Өзін-өзі таныстыру» (үміткердің өзін таныстыруы);
2. Үміткер бағдарламасымен таныстыру;
3. Брифинг (үміткерге сұрақтар).

Дауыс беруге республикалық кеңестің мүшелері (арасындағы үміткерлерді қоспағанда) қатысады.

Үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған Үміткер бүкіл республикадағы балалардың өкілі болады және республикалық Ұланбасы лауазымына тағайындалады.

## «Менің құқығым – менің қорғаным» тақырыбында құқықтық сағат өткізілуі туралы анықтама

(балалар өкілдігі қатысуымен)

Білім беру ұйымында білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу, өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету мақсатында балалар өкілдігінің қатысуымен «Менің құқығым – менің қорғаным» тақырыбында құқықтық сағат ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Құқықтық сағат барысында балалар өкілдігі мүшелері білім алушыларға өз құқықтарын білу – әрбір азамат үшін маңызды екенін түсіндірді. Сонымен қатар білім алушыларға олардың білім алу құқығы, демалу құқығы, қауіпсіз ортада өмір сүру құқығы, өз пікірін еркін білдіру құқығы туралы мәліметтер берілді. Балалар өкілдігі мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, мектеп ішінде оқушылардың құқықтарын сақтау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтті.

Іс-шара барысында білім алушылар арасында пікір алмасу, сұрақ-жауап жұмыстары ұйымдастырылды. Қатысушылар құқық бұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, өз құқықтарын қорғау жолдары туралы өз ойларын білдірді. Сонымен қатар білім алушыларға құқықпен қатар міндеттің де маңызды екендігі түсіндірілді.

Өткізілген құқықтық сағат білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заңға құрметпен қарауға, жауапкершілік сезімін арттыруға оң әсерін тигізді. Балалар өкілдігінің қатысуы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, ашық пікір алмасуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, «Менің құқығым – менің қорғаным» тақырыбында өткізілген құқықтық сағат тәрбиелік маңызы жоғары іс-шаралардың бірі болып табылады. Іс-шара мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді.

## «Достық және сыйластық мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілуі туралы анықтама

(балалар өкілдігінің қатысуымен)

Білім беру ұйымында білім алушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, мектепте жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында балалар өкілдігінің қатысуымен «Достық және сыйластық мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасында жас ұрпақты адамгершілікке, өзара құрметке тәрбиелеу маңызды бағыттардың бірі екендігі айтылды. Дөңгелек үстел барысында білім алушылар достықтың маңызы, адамдар арасындағы сыйластық қарым-қатынас, бір-бірін түсіну, қолдау көрсету туралы өз ойларын ортаға салды. Балалар өкілдігі мүшелері білім алушылармен пікір алмасу жүргізіп, мектеп ішінде достық қарым-қатынасты нығайту бойынша ұсыныстар жинақтады. Іс-шара барысында қатысушылар арасында сұрақ-жауап, ашық пікір білдіру, өмірлік жағдаяттарды талқылау жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар бір-біріне құрметпен қарау, қиын жағдайда досына қолдау көрсету, ұжымда дұрыс қарым-қатынас орнату туралы ой бөлісті. Дөңгелек үстел барысында білім алушыларға сыйластық мәдениеті – тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар мектепте буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынасты сақтау, өзара түсіністік орнату мәселелері талқыланды. Өткізілген іс-шара білім алушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтуға, өзара сыйластықты қалыптастыруға, мектепте жағымды психологиялық орта қалыптастыруға оң әсерін тигізді. Балалар өкілдігінің қатысуы білім алушылардың белсенділігін арттырып, өз пікірін ашық айтуына мүмкіндік берді.

## «Балалар үні» пікірталас алаңының өткізілуі туралы анықтама

(балалар өкілдігінің қатысуымен)

Білім беру ұйымында білім алушылардың пікірін тыңдау, олардың ұсыныстарын қолдау, мектеп өміріне белсенді қатысуын арттыру мақсатында балалар өкілдігінің ұйымдастыруымен «Балалар үні» пікірталас алаңы өткізілді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасында білім алушылардың пікірін ескеру және олардың бастамаларын қолдау маңызды бағыттардың бірі екендігі түсіндірілді. Пікірталас алаңы барысында білім алушылар мектеп өміріне қатысты өз ойларын, ұсыныстарын, өзекті мәселелерді ортаға салды. Балалар өкілдігі мүшелері білім алушылардың ұсыныстарын тыңдап, оларды жинақтау және мектеп әкімшілігіне жеткізу жұмыстарын жүргізді. Қатысушылар білім сапасы, мектептегі тәртіп, қауіпсіздік, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, мектептегі қарым-қатынас мәдениеті сияқты маңызды тақырыптарды талқылады. Іс-шара барысында ашық микрофон форматында пікір алмасу ұйымдастырылып, білім алушылар өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар білім алушылар арасында сұрақ-жауап жұмыстары жүргізіліп, ортақ шешім қабылдау дағдылары қалыптастырылды. Пікірталас алаңы білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, өз ойын ашық айтуға, бір-бірін тыңдауға, құрметтеуге үйретуге ықпал етті. Балалар өкілдігінің қатысуы білім алушылардың белсенділігін арттырып, мектеп өміріне деген қызығушылығын күшейтті.

## Оқушылар арасында өзекті мәселелер бойынша сауалнама жүргізілуі туралы анықтама

(балалар өкілдігінің қатысуымен)

Білім беру ұйымында білім алушылардың пікірін анықтау, мектеп өміріндегі өзекті мәселелерді зерделеу, білім алушылардың ұсыныстарын жинақтау мақсатында балалар өкілдігінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізу барысында Қазақстан Республикасында білім беру саласында білім алушылардың пікірін ескеру маңызды екендігі түсіндірілді. Сауалнама барысында білім алушылардың мектеп өміріне қатысты ұсыныстары, білім сапасы, бос уақытты тиімді пайдалану, қауіпсіздік, мектептегі қарым-қатынас мәдениеті, психологиялық қолдау сияқты өзекті мәселелер қамтылды. Сауалнама анонимді түрде жүргізіліп, білім алушылардың ашық әрі еркін жауап беруіне жағдай жасалды. Балалар өкілдігі мүшелері сауалнама жүргізу кезеңінде білім алушыларға сауалнаманың мақсатын түсіндіріп, дұрыс толтыру тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар сауалнама нәтижелері мектеп өмірін жақсартуға бағытталатыны айтылды. Сауалнама нәтижелері жинақталып, талдау жүргізілді. Нәтижесінде білім алушыларды толғандыратын негізгі мәселелер анықталып, оларды шешу бойынша ұсыныстар дайындалды. Аталған ұсыныстар мектеп әкімшілігіне ұсынылып, тәрбие жұмыстары жоспарына енгізу мәселелері қарастырылды. Өткізілген сауалнама білім алушылардың белсенділігін арттыруға, олардың мектеп өміріне қатысу деңгейін жоғарылатуға, өз пікірін ашық білдіруге үйретуге оң әсерін тигізді. Сонымен қатар балалар өкілдігінің жұмысын жандандыруға мүмкіндік берді.



**Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп**

**Балалар өкілдігінің 2025–2026 оқу жылына арналған  
мектепшілік жұмыс жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Балалар өкілдігін құру, мүшелерін сайлау	Қыркүйек	ДТЖЖО
2	Балалар өкілдігінің ережесімен таныстыру	Қыркүйек	ДТЖЖО Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
3	«Менің құқығым – менің қорғаным» құқықтық сағаты	Қазан	Мектеп психологы Г.Кузенбаева
4	Оқушылар арасында сауалнама жүргізу (өзекті мәселелер)	Қазан	Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
5	Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу тренингі	Қараша	Мектеп психологы
6	«Балалар үні» пікірталас алаңы	Желтоқсан	Өкілдік жетекшісі
7	«Достық және сыйластық мәдениеті» дөңгелек үстел	Қаңтар	Сынып жетекшілер Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
8	Құқық бұзушылықтың алдын алу кездесуі (учаскелік полициямен)	Ақпан	ДТЖЖО Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
9	Қайырымдылық акциясы «Жақсылық жаса»	Наурыз	ДТЖЖО Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
10	Оқушылар ұсыныстарын жинақтап, әкімшілікке ұсыну	Сәуір	Балалар өкілдігі Д.Саламатқызы
11	Жылдық есеп беру жиналысы	Мамыр	Өкілдік төрағасы
12	Үздік белсенді оқушыларды марапаттау	Мамыр	ДТЖЖО

ДТЖЖО:

М.Т.Сейтова

Балалар өкілдігі:

А.Д.Жамбырова

Д.Саламатқызы